

"Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 29 желтоқсан N 1426

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 175-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"175-бап. Міндетті сақтандыру туралы заңдарды бұзу

1. Заң актілерінде көзделген міндетті сақтандыру шартын жасасудан сақтандыру ұйымының жалтаруы -

лауазымды адамдарға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, заңды тұлғаларға - бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Міндетті сақтандыру туралы заң актісіне сәйкес міндетті сақтандыру шартын жасасуға міндетті тұлғаның міндетті сақтандыру шартын жасасудан жалтаруы - азаматтарға елу айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде, жеке кәсіпкерлерге және лауазымды тұлғаларға жүзге дейінгі мөлшерде, заңды тұлғаларға бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.";

2) 541-баптың бірінші бөлігі "172," деген саннан кейін "175 (екінші бөлігінде) (жеке нотариустар, аудиторлар және аудиторлық ұйымдар жасаған құқық бұзушылықтар бөлігінде)," деген сөздермен толықтырылсын;

3) 543 - бапта :

бірінші бөлігі "165," деген саннан кейін "175 (екінші бөлігінде) (автомобиль

көлігінде және қалалық электр көлігінде көлік құралдарының иелері және тасымалдаушылар жасаған құқық бұзушылықтар бөлігінде)," деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің 7) тармақшасы "осы Кодекстің" деген сөздерден кейін "175 (екінші бөлігінде) (автомобиль көлігінде және қалалық электр көлігінде көлік құралдарының иелері және тасымалдаушылар жасаған құқық бұзушылықтар бөлігінде)," деген сөздермен толықтырылсын;

4) 547-баптың бірінші бөлігі "осы Кодекстің" деген сөздерден кейін "175 (екінші бөлігінде) (әуе көлігінде тасымалдаушылар жасаған құқық бұзушылықтар бөлігінде)," деген сөздермен толықтырылсын;

5) 549-баптың бірінші бөлігі "осы Кодекстің" деген сөздерден кейін "175 (екінші бөлігінде) (темір жол көлігінде, теңіз және ішкі су көлігінде тасымалдаушылар жасаған құқық бұзушылықтар бөлігінде)," деген сөздермен толықтырылсын;

6) мынадай мазмұндағы 567-1-баппен толықтырылсын:

"567-1-бап. Өсімдік шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган

1. Өсімдік шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган осы Кодекстің 175-бабында (екінші бөлігінде) (өсімдік шаруашылығы өнімін өндірушілер жасаған құқық бұзушылықтар бөлігінде) көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды.

2. Өсімдік шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның басшысы және оның орынбасарлары, аумақтық органдардың басшылары және олардың орынбасарлары әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға және әкімшілік жаза қолдануға құқылы."

7) 573-баптың бірінші бөлігі "бірінші бөлік" деген сөздермен толықтырылсын;

9) 636 - бапта:

бірінші бөліктің 1) тармақшасында:

жиырма үшінші абзац "172," деген саннан кейін "175 (екінші бөлігі, осы бұзушылықтарды аудиторлар және аудиторлық ұйымдар жасаған кезде)," деген сөздермен толықтырылсын;

жиырма тоғызыншы абзац "148," деген саннан кейін "175 (екінші бөлігі, осы бұзушылықтарды жеке нотариустар жасаған кезде)," деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы "451-баптың" деген сөздің алдынан "175-баптың екінші бөлігі, осы бұзушылықтарды жолаушыларды тасымалдаушылар жасаған кезде," деген сөздермен толықтырылсын.

2-бап. Осы Заң жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

